

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің  
20.03.2019 жылғы жалпы отырысының  
стенограммасынан үзінді көшірме  
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті  
Мәжілісінің Төрағасы Н. НИҒМАТУЛИН жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания Мажилиса  
Парламента Республики Казахстан  
от 20.03.2019 года  
Вел заседание Председатель  
Мажилиса Парламента Республики Казахстан  
Н. НИГМАТУЛИН.**

**ТӨРАҒА.** Келесі сұрақ – «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне дене шынықтыру және спорт мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (бірінші оқылым). Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедиұлы мырзаға беріледі.

**МҰХАМЕДИҰЛЫ А.** Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті әріптестер! Сіздердің назарларыңызға «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне дене шынықтыру және спорт мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңның жобасы ұсынылып отыр.

Заң жобасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылға арналған заң жобалау жұмыстарының жоспарына сәйкес әзірленді.

Біз алғаш рет осындай көлемде мемлекеттік допингке қарсы саясатын жетілдіру жөнінде заңнамаға ұсыныстар енгізіп отырмыз. Бұл заң жобасы шеңберінде күрделі мәселелер қарастырылған. Себебі қазіргі уақытта допингті қолдану әлемдік спорт қозғалысындағы ең өзекті мәселелерінің біріне айналғанын, өздеріңіз жақсы білесіздер.

Бұл мәселе спорт төңірегінен асып, әлемдік қауымдастық көзінің алдында елдің имиджін бейнелейтін күшке айналды. Бұл ретте, допингтен шығатын барлық қауіптің ауқымдылығы мен маңыздылығын түсіне отырып, оны жоюға бағытталған іс-шаралар кешенін тұрақты негізде жүргізуіміз қажет.

Осы заң жобасымен Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне, Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы» кодексіне, «Дене шынықтыру және спорт туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, «Лотерея және лотерея қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау мәселелері бойынша

өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу көзделген.

Заң жобасының негізгі мақсаты – қолданыстағы дене шынықтыру және спорт саласындағы заңнаманы жетілдіру болып табылады.

Аталған заң жобасы допингке қарсы ережелерді бұзғаны үшін жауапкершілікті қатаңдатуға, Ұлттық допингке қарсы ұйымның мәртебесін арттыруға бағытталған.

Әлемде спорттағы жеңістердің маңыздылығы артып отыр. Себебі, спорт ол мемлекет имиджі. Спорттық рекордтардың қарқынды өсуі ірі спорттық турнирлерде қатаң бәсекелестікті тудыруда. Әрине, бұл спортшының ағзасына шамадан тыс күштің, салмақтың түсуіне әкеліп соғады. Осындай жағдайда спорт саласындағы және әсіресе спортқа жақын саладағы мамандар іріктеу жүйесін жетілдіру, спорттың техникасы мен тактикаларын даярлау, материалдық базаны жақсарту және ұйымдастыру мәселелерін шешумен ғана шектеліп қалмай, сонымен бірге, спорттық аренада қалай да жеңіске жету үшін, кейде тыйым салынған әрекеттерге де барып жатыр.

Дәрілік заттарды бақылаусыз пайдалану халықаралық, сондай-ақ ұлттық деңгейде оған қарсы шаралар қабылдау қажеттілігін туындатты. Халықаралық деңгейде қарсы іс-әрекетті ұйымдастырудың маңызды рөлі Дүниежүзілік допингке қарсы агенттікке жүктелсе, ал ұлттық деңгейде оны бақылау міндетін Ұлттық допингке қарсы орталық атқарады.

Сондай-ақ, допингті пайдалануды түбімен жою жағдайына талдау жасай отырып, әлемдік спорттық аренада, оның ішінде Олимпиада ойындарында жоғары спорттық жетістіктерге жету мақсатында, заңнамалық деңгейде допингке қарсы іс-шараларды қатаңдату шараларын қолдану қажет. Яғни барлық тыйым салынған препараттар мен субстанцияларды пайдаланғаны, оны тағайындағаны және таратқаны үшін жауапкершілікті арттыру қажет.

Жоғарыда айтылғандарға орай, қолданыстағы заңнамаға спортшыға допинг тағайындаған тұлғаға қатысты допингке қарсы қағидаларды бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілікті қатаңдату бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажеттігі туындады.

Сондай-ақ, допинг пайдаланғаны үшін:

жарыстан шеттету;

ақшалай ынталандыруды қайтарып алу;

спортшылар мен бапкерлерге өмір бойғы ай сайынғы материалдық қамсыздандыру төлемінен (спорттық зейнетақы) айыру;

спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командасының мүшелеріне олардың халықаралық спорттық жарыстарда спорттық жарақаттар алуы және мертігуі кезінде өтемақы төлемдерінен айыру;

спорттық атағынан айыру;

Олимпиада, Паралимпиада және Сурдлимпиада ойындарының чемпиондары мен жүлдегерлеріне арналған тұрғын үйден айыру;

спортшыларды, бапкерлерді спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасының құрама және штаттық құрама командаларының құрамынан шығарып тастау көзделеді.

Сонымен бірге заңдағы маңызды жаңалық – дене шынықтыру және спорт саласында демеушілік көмек көрсету саясатын іске асыратын Бірыңғай операторды құру болып табылады.

Сондай-ақ заң жобасында:

Ұлттық паралимпиада комитетіне мемлекеттік тапсырма алу және оған қатысу құқығын беру;

дене шынықтыру және спорт саласындағы негізгі ұғымдарды кеңейту.

Уәкілетті органның құзыреті мынадай функциялармен толықтырылған:

спорттық іс-шараларға, соның ішінде барлық дене шынықтыру-спорттық ұйымдардың оқу-жаттығу жиындарына бөлінген ақшалай қаражатты шығындау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік мекемелердің тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сату бойынша ақылы қызметтер түрін көрсетуі және олардың тауарларды сатудан түскен ақшаны жұмсау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

Қазақстан Республикасы спорттық этикасының нормаларын әзірлеу және бекіту;

дене шынықтыру және спорт ұйымдары желісінің ең төменгі мемлекеттік нормативтерін әзірлеу және бекіту;

дене шынықтыруды және спортты дамытуға бағытталған бюджеттен тыс ақшалай қаражатты бөлу бойынша қағидаларды әзірлеу және бекіту;

білім беру саласындағы уәкілетті органның келісімімен білім беру ұйымдарындағы оқушыларды дене тәрбиесі сабағынан босату қағидаларын әзірлеу және бекіту;

Олимпиада, Паралимпиада және Сурдлимпиада ойындарының чемпиондары мен жүлдегерлеріне тұрғын үй сатып алу, беру және алып қою қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бірыңғай операторды анықтайды.

Бұдан өзге, уәкілетті органдардың, аймақтың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының құзыреті нақтыланып толықтырылған.

Сондай-ақ заң жобасы мақсаты – сурдлимпиадалық спорт түрлері бойынша спортшы-мүгедектер арасында дене шынықтыруды және спортты дамытуға ықпал ету болып табылатын Ұлттық сурдлимпиада комитетінің мәртебесі мен өкілеттігін күшейтуді көздейтін Ұлттық сурдлимпиадалық қозғалыс деген жаңа баппен толықтырылды.

Заң жобасын қабылдау теріс құқықтық және әлеуметтік-экономикалық салдарларға және мемлекеттік шығындардың артуына әкеп соқпайды.

Назарларыңызға рақмет. Қолдауларыңызды сұраймын.

ТӨРАҒА. Рақмет. Баяндама аяқталды.

Енді, құрметті әріптестер, сұрақ беру рәсіміне көшеміз. Сөз депутат Ержан Құдайберген Төлепұлына беріледі.

ЕРЖАН Қ.Т. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Мен заң жобасын қолдаймын және әріптестерімді осы заң жобасын қолдауға шақырамын.

Құрметті Арыстанбек Мұхамедиұлы! Сіз жаңа баяндамаңызда бірыңғай оператор жөнінде айтып өттіңіз. Осы бірыңғай оператор дене шынықтыру мен спортты дамыту үшін әлеуметтік жобаларды іске асыруға жұмсалатын бюджеттен тыс ақшалай қаражаттарды бөлумен айналысатынын естідік. Осыған байланысты сұрағым бар.

Уәкілетті орган бюджеттен тыс ақша қаражатын бөлудің нақты тетіктерін ойластырды ма, әзірледі ме? Рақмет.

МҰХАМЕДИҰЛЫ А. Сұрағыңызға көп рақмет.

Біз «бірыңғай оператор» деген ұғымды енгізіп отырмыз. Өздеріңіз білесіздер, спорт бюджеттен қаржыландырылады. Бірыңғай оператор спортқа бөлінген қаржыны бір бағытта жұмсау үшін арнайы енгізілген болатын. Біз осы заңға тетіктерін, нормаларын енгізіп отырмыз. Өздеріңіз білесіздер, қазір бюджеттен қаржы негізінен жоғары спортқа және бұқаралық спортқа бөлінуде. Бізде жекелеген халықаралық жарыстар өтеді, мысалы, осы жылы Астана қаласында күрестен дүниежүзілік чемпионат өтпекші. Сондай-ақ кадеттердің арасында дзюдодан жарыс өтеді. Сол жарыстарға біз осы бірыңғай оператордан демеушілік қаржы төлейміз.

Біз қазір бюджет қаражатына тек ұлттық құрама командаларды жіберіп жатырмыз. Жақын ғана біз сурдлимпиадаға спортшыларды осы оператор арқылы демеушіліктен қаржы жұмсадық. Өткен жылы, мысалы, сурдлимпиада ойындарына осы оператордың бөлген қаржысынан жіберген болатынбыз.

Сұрағыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Чирков Михаил Владимировичке беріледі.

ЧИРКОВ М.В. Спасибо, господин Председатель.

Уважаемый Арыстанбек Мухамедиулы! Данным законопроектом предусматривается административная ответственность за нарушение

антидопинговых правил Республики Казахстан. В частности, тренер, специалист по спортивной медицине за склонение, содействие или принуждение к использованию спортсменом допинга будут наказываться штрафом в размере 50 месячных расчетных показателей. На сегодняшний день это 126 тысяч 250 тенге.

У меня два вопроса к Вам.

Во-первых, скажите, пожалуйста, почему именно 50 месячных расчетных показателей, из чего складывается эта сумма?

Второй вопрос. Жизнь показывает, что эта допинговая цепочка, которая ведет к дисквалификации спортсмена и, что очень важно, к имиджевым потерям страны, которую он представляет, зачастую начинается не от спортивного врача или тренера, а от чиновника, который курирует те или иные виды спорта.

Как Вы относитесь к предложению, чтобы должностные лица также несли ответственность за нарушение антидопинговых правил? Спасибо.

ТӨРАҒА. Пожалуйста.

МҰХАМЕДИҰЛЫ А. Большое спасибо за вопрос.

Если позволите, я начну со второго вопроса. Действительно, в этих изменениях в закон мы вносим нормы именно по ответственности людей, которые административно отвечают за подготовку спортсменов. Мы учитывали международный опыт. Во всех странах, и европейских странах, в том числе России несколько лет назад это приняли. Эти нормы – административные или другие виды штрафов вводили именно для тех, кто оказывал содействие для применения или транспортировки, распространения допинга. Поэтому, конечно, мы здесь предусмотрели очень жесткие нормы, чтобы степень наказания была не только спортсменов, а именно тех, кто отвечает, – врачей, тренеров и административных государственных служащих.

Почему мы предполагаем степень административной ответственности, это первый вопрос, 50 МРП? Это базовая ставка. Мы берем базовые ставки. Конечно, больше ответственности. Административные штрафы и меры, которые предполагаем в этом законе, будут больше усиливаться, вплоть до отстранения от соревнований главных тренеров и ответственных людей.

Спасибо за вопрос.

ТӨРАҒА. Арыстанбек Мухамедиулы, я не понял, что такое базовая ставка? Все-таки вопрос: почему 50 МРП?

МҰХАМЕДИҰЛЫ А. Нурлан Зайруллаевич, мы эту норму взяли из того, что средняя заработная плата спортсменов составляет 150 тысяч.

ТӨРАҒА. Вы знаете, сколько у нас 1 МРП?

МҰХАМЕДИҰЛЫ А. 25.

ТӨРАҒА. 5252 тенге.

МУХАМЕДИҰЛЫ А. Это 1 МРП.

ТӨРАҒА. Извините, 2525 тенге. Так вот 50 умножить, по-моему, депутат Чирков назвал сумму, 126 тысяч. Так, да?

Теперь, посмотрите, какую Вы среднюю зарплату берете. Я Вам другую зарплату сейчас покажу. Смотрите. Победа на Олимпийских играх сколько у нас стоит?

МУХАМЕДИҰЛЫ А. Если в долларовом эквиваленте, 250 тысяч долларов.

ТӨРАҒА. 250 тысяч долларов. Это спортсмен получает. Мы все вокруг этой цифры много шумим, говорим, но никто не говорит, что 80 процентов от этой суммы получает его тренер. Так или нет, Арыстанбек Мухамедиулы?

МУХАМЕДИҰЛЫ А. Да-да.

ТӨРАҒА. Ну если 250, то это порядка 200 тысяч долларов он получает, и вы ему штраф даете 126 тысяч тенге. Ну что это такое?

МУХАМЕДИҰЛЫ А. Согласно этому закону призовой фонд изымается не только у спортсмена, но и у тренера.

ТӨРАҒА. Минутку. Вы не переходите на другую вещь. Я сейчас говорю о МРП. Как мог госорган вносить 50 МРП за нарушение? Если тренера в этом уличили, какие 50 МРП? Максимально, Министерство юстиции нам сказало, возможно 200 месячных расчетных показателей. Вот поэтому депутаты и внесли 200 МРП, поправили эту норму закона. Так и нужно было сказать: наверное, мы здесь ошиблись с 50 МРП, вышли на 200, а Вы нам про базовый показатель какой-то говорите.

Что касается личного тренера. 80 процентов надо то же самое забирать. Если мы у спортсмена 100 процентов забираем, почему мы должны тренеру оставлять? Поэтому депутаты внесли эту поправку. Там, единственное, есть нюанс, по-моему, 10 процентов получает первый тренер. Но это нужно, на мой взгляд, оставить, потому что первый тренер – это человек, который когда-то нашел этого талантливого мальчика или девушку, привил ему первоначальные какие-то навыки к спорту, заложил основу, довел его до какого-то уровня. Он свою роль выполнил и исторически отошел.

Дальше, когда уже идет спорт высоких достижений, ответственность ложится непосредственно на личного тренера. В том-то и проблема наша сегодня, что мы на этих спортсменах потом отжимаемся, а тренера, врачи и спортивные функционеры, все в стороне встали. Поэтому я считаю правильным предложение депутатов внести в перечень лиц, подлежащих наказанию за нарушение антидопинговых решений еще и должностных лиц.

Мы все хорошо понимаем, что они могут оказывать. Я не говорю, что оказывают, они могут оказывать серьезное давление на спортсмена с целью склонить его к использованию допингов. Поэтому почему они

оказались выведенными от ответственности?

Мне кажется, Арыстанбек Мухамедиулы, это справедливо.

МҰХАМЕДИҰЛЫ А. Мы же как раз внесли эту норму, чтобы...

ТӨРАҒА. Депутаты внесли.

МҰХАМЕДИҰЛЫ А. Депутаты? Спасибо большое.

ЗАЛДА КҮЛКІ.

ТӨРАҒА. Ну как же Вы не знаете об этом, Арыстанбек Мухамедиулы?! Депутаты вас поправили по 50 МРП и внесли должностных лиц. Я Вам уже лично говорил, проводил заседание рабочей группы, даже сам пошел. На вопрос: должностные лица – это кто, Ваши заместители говорят, что это министр. Я Вам об этом говорил.

Я не говорю о министре. Я говорю о должностных лицах федераций, Комитета по делам спорта и физической культуры. Они все должны знать, что над ними тоже висит дамоклов меч. Тогда они не будут ради показателей гнать этих мальчиков, девочек на то, чтобы пили какие-то таблетки, делали переливания крови или уколы. Думаю, что такой первый шаг, такое ужесточение ответственности необходимо ввести, оно повысит только эффективность штрафных санкций.

Просьба, уважаемые коллеги из Правительства, когда вносите законопроекты, читать их и понимать, что вы вносите. Народ тоже видит и тоже сегодня разбирается в роли тренера, спортивного врача, функционера. Спортсмена везде выдвинули, по нему прошлись, а этих всех вывели. Поэтому их всех обратно надо ввести.

Депутаты настояли, правда, надо отдать должное, министерство сразу же согласилось с этим. Надо довести до конца их ответственность до второго чтения.

Сөз депутат Хитуов Тарас Киікбайұлына беріледі.

ХИТУОВ Т.К. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті Арыстанбек Мұхамедиұлы! Елімізде допингке қарсы іс-шаралар жүргізуге жауапты екі ұйым бар – допингке қарсы зертхана және Ұлттық допингке қарсы орталық.

2016 жылы Дүниежүзілік допингке қарсы агенттіктің шешімімен Қазақстанның допингке қарсы зертхананың қызметі төрт айға тоқталған болатын. Содан бері екі жылдан астам уақыт өтті, бірақ зертхана әлі күнге дейін жұмыс жасамайды. Осыған орай сұрағым бар.

Республикалық зертхана өзінің жұмысына толығымен қашан кіріседі және спортшылардың биосынамаларын зерттеуге оның болмауы қандай әсер етеді? Сол туралы айтсаңыз. Рақмет.

МҰХАМЕДИҰЛЫ А. Сұрағыңызға көп рақмет.

2016 жылы Ұлттық допингке қарсы зертхананың лицензиясын алып қойған болатын. Қазір, өздеріңіз білесіздер, Халықаралық допингке қарсы агенттігінің (ВАДА) әр ұлттық зертханасына өте қатаң талаптары бар. Жаңа Сіз айтқан зертхана осы уақытқа дейін Алматыдағы Балуан Шолақ

атындағы спорт кешенінің ішінде болған. ВАДА-ның талабы бойынша ол жеке ғимаратта орналасуы керек. Медициналық керекті құжаттар, бөлінетін қаражат халықаралық деңгейде болуы керек. Біз қазіргі уақытта Ұлттық олимпиада комитетімен бірге үлкен қаражат бөліп, қажетті жабдықтардың бәрін алдық. Қазір біз бюджеттен бөлінген қаражатқа жеке ғимаратты жалға алуды толық аяғына дейін жеткіздік.

Қыркүйек айына біз ВАДА-дан төрт техникалық сарапшыны күтіп отырмыз. Олар келіп көріп, рұқсатын бергеннен кейін лицензияны алып, ұлттық деңгейде өзіміздің зертхананың жұмысын қайтадан іске қосамыз. Өздеріңіз білесіздер, әлемнің 37 мемлекетінде ғана сондай зертхана бар. Біз екі жылдан бері Германияның Дрезден қаласына тапсырып жүрміз. Біз қыркүйекте келетін техникалық сарапшылармен жұмыс жасап жатырмыз. Олар келіп көргеннен кейін өз шешімдерін береді. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Қаракен Құралай Әнуарқызына беріледі.

ҚАРАКЕН Қ.Ә. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Мой вопрос адресуется докладчику и представителю Министерства здравоохранения и касается спортивных врачей.

Они как универсальные специалисты, входящие в состав спортивных команд, должны обладать высоким уровнем компетентности, в том числе следить за использованием медицинских препаратов, владеть информацией о запрещенных препаратах, их свойствах, правилах их применения.

Вместе с тем, по данным Министерства здравоохранения, дефицит спортивных врачей только в национальных сборных командах по различным видам спорта составляет 11 человек, а в сборных командах параспорта – 15 человек.

В этой связи вопрос к докладчику: как Вы собираетесь решить эту проблему на системной основе, исходя из того, что современная спортивная медицина является отдельной отраслью медицинской науки? В этой связи хотелось бы услышать мнение Министерства здравоохранения. Спасибо.

ТӨРАҒА. Пожалуйста, Арыстанбек Мұхамедиұлы, Вы, а потом Министерство здравоохранения.

МҰХАМЕДИҰЛЫ А. Спасибо за вопрос.

Действительно, очень актуальный вопрос. Большое спасибо Министерству здравоохранения. Этот вопрос обсуждался в 2016 году, с 2017 года выделены специальные гранты и в области магистратуры, и в области бакалавриата, и в области PhD-докторантуры именно для подготовки спортивных врачей. Сейчас во многих ведущих медицинских вузах уже готовят врачей спортивного профиля для наших национальных команд.



Что есть недостаток – это явные данные, которые мы с вами имеем. Конечно, мы эту ситуацию совместно с Министерством здравоохранения усиленно исправляем.

ТӨРАҒА. Пожалуйста, Актаева Лязат Мейрашевна.

АҚТАЕВА Л.М. Уважаемая Куралай Ануаровна! У нас в трех вузах готовят на двухлетней резидентуре спортивных врачей. С 2016 года выпущено 16 человек. В этом году выпуск составляет 19 резидентов. В 2020 году будет выпущено 26 человек. Соответственно, озвученный дефицит будет удовлетворен.

Объем заказа формируется на основе заявок организаций физической культуры и спорта. Соответственно, до мая текущего года мы формируем заказ уже на следующий учебный год. Спасибо.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Сөз депутат Базарбаев Асқар Ермырзаұлына беріледі.

БАЗАРБАЕВ А.Е. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

У меня вопрос к докладчику и к представителю Министерства юстиции. Вопрос касается дополнения Закона «О физической культуре и спорте» статьей 44-2, где предусмотрено много санкций за применение допинга.

Я согласен со всеми этими санкциями. Действительно, радость от побед наших спортсменов на олимпиадах по прошествии времени нередко омрачается тем, что в пробах наших чемпионов, призеров выявляется допинг, и они лишаются своих наград.

Но в числе санкций за применение допинга в этой же статье, о которой я говорил, предусмотрена и такая норма, как лишение жилища для чемпионов и призеров Олимпийских, Паралимпийских, Сурдлимпийских игр, производимое с момента аннулирования результата.

У меня такой вопрос к Вам, Арыстанбек Мухамедиулы.

Скажите, пожалуйста, есть ли конкретный механизм осуществления этой процедуры – процедуры лишения жилья?

И я хотел бы также узнать позицию Министерства юстиции по данному вопросу. Спасибо.

МУХАМЕДИҰЛЫ А. Спасибо за вопрос.

У нас разработан уже регламент предоставления жилища. Например, для Олимпийского чемпиона, обладателя золотой медали – это трехкомнатная квартира, для обладателя серебряной медали – двухкомнатная квартира, для обладателя бронзовой медали – однокомнатная квартира.

В данное время, конечно, мы подаем заявку на бюджетной основе и предоставляем это пособие, которое необходимо для приобретения квартиры.

Почему для изъятия? Сейчас мы вводим норму... Кроме премиальных жилище они получают от государства. В течение десяти лет данным законом предполагается, что дается жилье на временной основе, без приватизации. Только по истечении десяти лет, если не подтверждается применение допинга, квартира остается в собственности. Если есть какие-то факты применения допинга, то вследствие того, что квартира получена из бюджета, в этой норме мы закладываем изъятие выделенных из бюджета средств, то есть возвращение квартиры.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Сегодня у нас и министры, и заместители министров присутствуют в зале.

Наталья Виссарионовна является членом рабочей группы. Пожалуйста, Пан Наталья Виссарионовна.

ПАН Н.В. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Хотела бы дополнить, что согласно статье 26 Конституции граждане имеют право иметь в частной собственности любое законно приобретенное имущество. Такого имущества гражданин может быть лишен только по решению суда. Но поскольку законопроектом предусматривается запрет на отчуждение в течение десяти лет спортсменам, призерам, чемпионам, то здесь имеет место уже безвозмездное предоставление в аренду. Это уже другой режим, чем режим собственности.

Такой механизм нужно прописать, разработать, и мы готовы подключиться к этому.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Коллеги, сейчас и Министр, и заместитель Министра юстиции пояснили. Нам нужна ясность в этом вопросе. В чем вопрос? Откровенно говоря, советовался и с акимами ряда регионов, звонил и интересовался их механизмом. Они тоже за то, чтобы прописать четкий и ясный механизм изъятия.

В чем вопрос? При аннулировании результата из-за допинга, который сейчас, мы понимаем, в жизни происходит. После того, как квартира выдается... Вообще законопроектом предлагается, что квартира выдается чемпионам, призерам, сейчас министр говорил о количестве комнат, которое зависит от медали, на безвозмездной аренде на десять лет. Почему десять лет? Потому что в соответствии с требованиями ВАДА десять лет хранятся допинг-пробы, и если в течение десяти лет пробы спортсмена оказываются чистыми, то механизм позволяет, чтобы это жилье перешло автоматически в собственность. Если же проба оказывается положительной, то местный исполнительный орган в одностороннем порядке расторгает договор об аренде и квартира возвращается в собственность государства. На мой взгляд, справедливый подход.

Есть практика изъятия самих золотых медалей. Так, Арыстанбек Мұхамедиұлы?

В мире была практика (по-моему, до 2014 года), когда человек выиграл золотую медаль, а потом ее не возвращает. Сейчас медали выдаются, но все эти десять лет спортсмен находится, что называется, в подвешенном состоянии, и если проба оказывается положительной, он возвращает в том числе и медали, иначе будет наказан национальный олимпийский комитет той страны.

То же самое и по жилью надо сделать. Если спортсмен чистый, десять лет прошло, проба не подтвердилась, это автоматически становится... А живет он в этой квартире все эти десять лет.

Вот все эти рычаги позволят и заставят многих спортсменов задуматься, прежде чем употреблять допинг, надо ли ему рисковать всем – будущим жильем, будущими премиями, премиальными или другими вопросами.

Поэтому эти нормы, я считаю, нужно поддержать, они были грамотно заложены в законопроект.

Сөз депутат Бектұрғанов Ерсұлтан Өтеғұлұлына беріледі.

БЕКТҰРҒАНОВ Е.Ө. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті Арыстанбек Мұхамедиұлы! Заң жобасына сәйкес жаттықтырушы кадрдың тапшылығына байланысты спорттық кәсіби білімі бар адам ғана емес, сондай-ақ жоғары техникалық немесе кәсіби білімі бар спорттық мамандар біліктілігін арттырғаннан кейін жаттықтырушы немесе жаттықтырушы-оқытушы болып тағайындалуына мүмкіндігі бар.

Осылайша спортта атағы бар инженерлер, құрылысшылар тиісті курстардан өткеннен кейін, айталық, бокстан, гимнастикадан, теннистен жаттықтырушы болып жұмыс істеуіне мүмкіндік туады.

Айтыңызшы, осы тұрғыда жоғарыда айтылғандардың орнына кәсіби жаттықтырушыларды немесе спорт кадрларын тағайындаған дұрыс емес пе? Осы туралы Сіздің ойыңыз қалай? Соны айтып берсеңіз. Рақмет.

МҰХАМЕДИҰЛЫ А. Сұрағыңызға көп рақмет.

Қазіргі уақытта жаттықтырушылар өте аз, әсіресе ауылдық жерлерде. Біз осыдан үш жыл бұрын заңға өзгеріс енгіздік, яғни спорт мектебін аяқтағаннан кейін колледжде оқып, инструктор-жаттықтырушы деген колына диплом, сертификат алуына рұқсат бердік.

Қазіргі кезде ауылдық жерлерде, әсіресе шалғай ауылдарда жаттықтырушылар өте тапшы. Сол тапшылыққа байланысты біз осы заң жобасына ұсыныс енгізіп отырмыз.

Жаңа Сіз айтқандай, оларды оқытып, содан кейін сертификат береміз. Ол басқа маман иесі болса да спорт саласында жұмыс істесе спорт шебері, халықаралық дәрежедегі спорт шебері, еңбек сіңірген спорт шебері атақтары бар чемпиондарға мүмкіндік беріп, тағы да квалификациядан

өткізіп, содан кейін әрі қарай жаттықтырушы қызметте жұмыс істеуге рұқсат береміз.

Өздеріңіз білесіздер, бізде еліміз бойынша тек Алматы қаласында ғана Спорт және туризм академиясы бар, оның өзі жекешелендірілген. Бізде, өкінішке орай, спорт мамандарын жоғары дәрежеде дайындайтын арнайы оқу орны жоқ. Елбасы Астанада спорт университетін салуға тапсырма берген болатын. Әрине, келешекте ол университет салынғаннан кейін біз кадрларды кәсіби деңгейде дайындайтын боламыз. Ал қазіргі уақытта ауылды жерлердегі жағдайлардан шығу үшін осындай нормативті біз ұсынып отырмыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Шишигина Ольга Васильевнаға беріледі.

ШИШИГИНА О.В. Спасибо.

Мы знаем, что Национальный Олимпийский комитет активно работает над проблемами употребления допинга и запрещенных процедур в спорте.

Скажите, пожалуйста, есть ли у вас конкретная программа по предотвращению этих нарушений нашими спортсменами? Что Вы предпринимаете, чтобы казахстанский спорт был чистым? Спасибо.

МҰХАМЕДИҰЛЫ А. Спасибо за вопросы.

В действительности, эти изменения в закон очень уникальные. Мы впервые заходим с такими нормативами, направленными против допинговой деятельности.

Мы должны честно сказать, что закон очень непростой, очень нужный. Действительно, в этих нормативах, которые есть, мы закладываем основу программы деятельности против допинговой деятельности.

Наша позиция ясная – нулевая терпимость к допинговой деятельности, потому что сейчас Международный антидопинговый комитет проводит жесткую позицию. Мы, конечно, заинтересованы, чтобы наши спортсмены были чисты. Поэтому нормы, программы, которые есть, системно закладывали в этот закон. Спасибо.

ТӨРАҒА. Наверное, мы должны сейчас этот вопрос адресовать генеральному секретарю НОК Сакену Жунусбековичу Мусайбекову. Пожалуйста.

МҰСАЙБЕКОВ С.Ж. Добрый день, уважаемый Нурлан Зайруллаевич! Добрый день, уважаемые депутаты!

Национальный Олимпийский комитет Республики Казахстан очень хорошо взаимодействует и продолжает расширять взаимодействие с Международным Олимпийским комитетом. Яркий пример – это Программа «Олимпийская солидарность», где проходят образовательные гранты, выплачиваются стипендии нашим лучшим спортсменам, финансируются самые популярные виды спорта.

Также Национальный Олимпийский комитет тесно сотрудничает с Международным антидопинговым агентством.

На ежемесячной основе мы получаем списки запрещенных препаратов, получаем образовательные программы. Также совместно с Министерством культуры и спорта, Казахстанским национальным антидопинговым агентством мы постоянно проводим семинары. В прошлом году в Казахстане прошло порядка 50-70 образовательных семинаров. Также наши специалисты посещают семинары за рубежом под эгидой ВАДА.

Нурлан Зайруллаевич, хотел проинформировать Вас и депутатов о том, что заключен меморандум между Казахстанским национальным антидопинговым агентством, Германским антидопинговым агентством совместно с Дрезденской антидопинговой лабораторией о сотрудничестве. Их специалисты приезжают к нам, наши специалисты изучают опыт передовых стран по борьбе с допингом. В год берется порядка 3 тысяч проб.

Еще один яркий пример. Перед Олимпийскими играми в Рио-де-Жанейро все наши 105 спортсменов – участников Олимпийских игр были проверены, все они чисты.

То есть Международный Олимпийский комитет, Национальный Олимпийский комитет Республики Казахстан совместно с министерством, как сказал Арыстанбек Мухамедиулы, за чистый спорт, за чистый допинг. И мы придерживаемся курса...

ЗАЛДА ШУ.

МҰСАЙБЕКОВ С.Ж. За чистый спорт без допинга. Это оговорка. Бывает. Волнуюсь.

ТӨРАҒА. Сегодня волнительный день для всех.

МҰСАЙБЕКОВ С.Ж. Абсолютно правильно, Нурлан Зайруллаевич, сегодня волнительный день, поэтому чувства переполняют.

Но я хотел сказать, что чистый спорт – это наши основные цель и задача. Думаю, мы с ними справимся. Спасибо большое.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Сөз депутат Дүйсенбинов Берік Сәлімжанұлына беріледі.

ДҮЙСЕНБИНОВ Б.С. Рақмет, құрметті Төраға.

Министр мырза, «Ақ жол» фракциясының сұрағы балалар футболына байланысты. Сіздің министрлік биік жетістікті олимпиадалық спорт түрлері ғана емес, сонымен қатар балалар секциялары мен бұқаралық спортқа да жауапты. Бірақ кейбір өңірлерде балалардың секциялары жабылып қалудың аз-ақ алдында тұр. Мысалы, Өскеменде балаларға арналған Футбол академиясы бар, онда облыстың барлық аудандарынан 500-ге жуық бала спортпен айналысып жатыр, интернат жұмыс істейді, жас спортшылары жақсы көрсеткіштерге қол жеткізіп жүр. Бірақ біздің атымызға осы футбол клубы қаржысыз қалуы мүмкін деп алаңдаған ата-аналар көптеген хаттар жолдап жатыр. Ол ақпарат

құралдарында да жарық көрді, оқуға болады.

Сонымен қатар бұл аймақта футболға бөлінген қаражат толығымен гонорары шарықтаған шетелдік легионерлер ойнайтын ересектер клубына бағытталуда. Бұл тек қана шығысқа ғана тән құбылыс емес. Осыған байланысты «Ақ жол» партиясы бүгін талқыланып отырған заңға облыстық әкімдіктерді балалар футболына бөлінген, жалпы, футболға бөлінген қаржының ең кем дегенде 30 пайызын балалар футболына міндетті түрде бөлу туралы ұсыныс дайындап қойды. Сіз осыны қолдауға дайынсыз ба? Мысалы, қыруар қаржыға «шаршаған» шетел ойыншыларын сатып алғанша, өзіміздің спортшыларды неге өсірмейміз? Осыған жауап берсеңіз. Рақмет.

МҰХАМЕДИҰЛЫ А. Сұрағыңызға көп-көп рақмет.

Өздеріңіз білесіздер, министрліктің негізгі құзыры – ол бұқаралық және жоғары олимпиадалық спорттарға дайындау. Министрлік тікелей футбол ойындарына қаржы бөлмейді. Оған қаражат тек жергілікті атқарушы органдардан немесе демеушілерден бөлініп жатыр. Бөлінген қаражат ең алдымен бұқаралық спортқа, балаларға жету үшін, өздеріңіз білесіздер, осыдан үш жыл бұрын «Спорт туралы» Заңға өзгеріс енгізген болатынбыз. Ол заң өткен жылдың қаңтар айынан бастап қолданысқа енгізілді. Бұл жаңадан қосылған нормалар болғандықтан орындалуы дұрыс болмай жатқан болар. Негізінен біз қадағалап отырмыз, әр облыста қаржы алдымен шетелдік ойыншыларға емес, бұқаралық спортқа, оның ішінде жасөспірімдерге бағытталуы керек. Және командада қанша шетелдің ойыншы болуы туралы министрлік норматив қабылдады. Оны біз қатаң бақылауда ұстаймыз. Біздің мақсатымыз – жергілікті кадрларды дайындау.

Шетел ойыншыларына қаражат бюджеттен емес, демеушілердің қаражаты. Оны біз қадағалап отырмыз. 30 пайыз тікелей балаларға жетсін деген сіздердің ұсыныстарыңызды министрлік толығымен қолдайды. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Қазбекова Меруерт Айтқажықызына беріледі.

ҚАЗБЕКОВА М.А. Рақмет.

В рассматриваемом законопроекте предлагаются конкретные меры ответственности спортсменов и спортивных функционеров за применение допинга. Вместе с тем бывает, что спортсмен не применял запрещенную процедуру, а только намеревался это сделать.

В законопроекте конкретно предусмотрена ответственность только за сам факт применения допинга. Однако мы видим жесткую реакцию международного спортивного сообщества не только за использование, но и за намерение, подготовку к использованию допинга.

В ряде стран, как видим, к пресечению таких попыток привлекается не только Всемирное антидопинговое агентство, но и полиция. Я думаю, что с профилактической точки зрения, возможно, это и правильно.

Учитывая наш печальный опыт, вопрос к господину министру такой: будет ли министерство предусматривать меры ответственности не только за факт применения допинга, но и за доказанную подготовку к допингу, в том числе по отношению к спортивным функционерам, тренерам, врачам, которые были в курсе данной подготовки? Рақмет.

ТӨРАҒА. Пожалуйста.

МҰХАМЕДИҰЛЫ А. Большое спасибо за вопрос.

Действительно, меру ответственности ответственных людей мы строжайшим образом прописываем в данном законе, который как раз направлен на то, чтобы сделать недопустимым применение допинга, чтобы все знали, что будут приниматься строгие меры. А не постфактум, когда уже случилось и мы принимаем меры.

Было намерение или не было намерения – сам факт есть. Мы знаем, что когда есть какие-то факты, Международная федерация временно отстраняет до выяснения конкретных обстоятельств. Самое главное, со спортсменом отстраняются главный тренер и вся команда. Допустим, в прошлом году вся национальная сборная команда по биатлону была отстранена. Когда уже доказали, что не было применения допинга, то, конечно, их допустили к соревнованиям.

Точно так же будут приниматься строгие меры к тем людям, которые способствовали. Это международный опыт, когда принимаются строгие меры не столько к спортсмену, сколько к тем лицам, которые создают эти условия. Көп рақмет.

ТӨРАҒА. Құрметті депутаттар, сонымен сұрақтарымыз аяқталды.

Арыстанбек Мұхамедиұлы, рақмет Сізге. Орныңызға отырыңыз.

Енді, құрметті әріптестер, қосымша баяндама жасау үшін сөз Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің мүшесі депутат Жұмаділдаева Наталья Васильевнаға беріледі.

ЖҰМАДІЛДАЕВА Н.В. Рақмет.

Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті депутаттар! Әлеуметтік-мәдени даму комитеті «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне дене шынықтыру және спорт мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын қарап, мыналарды атап өтеді.

Бұл заң жобасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 28 қыркүйектегі қаулысымен Мәжілісінің қарауына енді.

Заң жобасы қазақстандық спорттың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға және оны дамыту үшін құқықтық әрі ұйымдастырушылық – экономикалық жағдайлар жасауға бағытталған.

Мұнда, Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске және Қазақстан Республикасының төрт заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп отыр.

Сонымен бірге, дене шынықтыру мен спортты дамытуға жұмсалатын бюджеттен тыс ақшалай қаражатты бөлу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын бірыңғай операторды құру көзделеді;

Сондай-ақ Ұлттық сурдлимпиадалық қозғалыстың, Ұлттық сурдлимпиада комитетінің, Ұлттық допингке қарсы ұйымның қосымша құзыреттері енгізіледі.

Допингке қарсы қағидаларды бұзғаны үшін әкімшілік жауаптылықты енгізу бойынша шаралармен қатар Олимпиада ойындарының чемпиондары мен жүлдегерлерінің олимпиада медальдарынан айырылып қалған жағдайда ақшалай көтермелеу мен тұрғынжайларды қайтаруы жөніндегі нормалар көзделген.

Соның ішінде спортшы, жаттықтырушы және дәрігерді дисквалификациялау қарастырылған.

Ұлттық допингке қарсы ұйымның мәртебесін күшейту мақсатында оның функцияларын айқындайтын нормалары да бар.

Заң жобасымен жұмыс барысында депутаттар ұғымдық аппаратқа түзетулер енгізіп, «жарыстан шеттету», «жаттықтырушы-оқытушы», «бас сыныптаушы», «бірыңғай спорттық сыныптау» секілді және басқа да жекелеген анықтамалардың редакциясын нақтылап жақсартты.

Бұған қоса, біліктілік санаттарын беру бойынша жергілікті атқарушы органдар спорттық атақтар мен разрядтар беруге ұсыну кезінде республикалық, өңірлік және жергілікті аккредиттелген спорттық федерациялардың құзыретіне қатысты бөлікте заң жобасының ережелерін жетілдіру үшін «Дене шынықтыру және спорт туралы» Заңға түзетулер де болды.

Жұмыс тобының шеңберінде заң жобасының тұсаукесері, бес отырысы және бірнеше жұмыс кеңесі болды. Жұмыс барысында депутаттардан жүзден астам ұсыныс түсті.

Мәжіліс комитеттерінің барлығы осы заң жобасы бойынша оң қорытындыларын берді.

Құрметті әріптестер, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне дене шынықтыру және спорт мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірінші оқылымда мақұлдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Наталья Васильевна.

Құрметті депутаттар, енді заң жобасын талқылауға көшеміз. Сөз депутат Аманжолова Зәуреш Жұманәліқызына беріледі.

АМАНЖОЛОВА З.Ж. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті әріптестер! Спорт саласында, жаңа әріптестерім атап өткендей, медицина қызметінің атқарар рөлі өте маңызды. Спорт дәрігері спортшылардың даярлығына медициналық бақылау жүргізіп қана қоймай,



олардың оңтайлы жаттығу жасау нұсқасын белгілеп, жұмсалатын күш нормативтерін профессионалды деңгейде сараптап, бекітіп және жарақат алған жағдайда тез қалпына келтіруге көмектеседі.

Қаралып отырған заң жобасында спортшылардың тыйым салынған препараттарды «допинг» қолданғаны үшін спорт дәрігерлерінің жауаптылығы да көзделген. Сондықтан спорт дәрігерлеріне қойылатын талаптар күшейтіліп отыр.

Әрине, адам баласы жас кезінен спортпен шұғылдана бастаған сәттен дәрігер олардың тағайындауынсыз өз бетінше дәрі-дәрмек, допинг қабылдауға болмайтынын спортшының сана-сезіміне әрдайым жеткізіп отыруы керек.

Ал дәрігерлердің өздері фармацевтика саласы бүгінгі таңда ай сайын емес, күн сайын дамып келе жатқанын ескере отырып, фармацевтикалық химия және фармакология саласындағы білімі мен біліктілігін арттыруы қажет. Себебі емдеу процесінде қолданылатын дәрі-дәрмектердің формулаларын, химиялық құрамын допинг препараттарының тізімімен үнемі салыстырып, олардың химиялық, қосалқы және жағымсыз әсерлерін әрдайым бақылауда ұстауы тиіс. Көрсетілген талаптарды орындау үшін спорт саласындағы медицина қызметкерлерінің кәсіби дәрежелері жоғары деңгейде, дүниежүзілік стандарттарға сай болуымен қатар, ағылшын тілін де еркін білуі керек.

Өкінішке орай, біздің елімізде оқу, оқу-жаттығу және емдеу-медициналық орталықтарының, зертханалардың материалдық-техникалық базасы жеткіліксіз, кадрлар даярлау деңгейі де төмен. Дәрігерлердің оқу бағдарламасында спортшыларды қолдап отырудың жаңа әдістері заманауи технологияларға сай болуы қажет.

Қазіргі таңда ерекше орын алып отырған мәселенің бірі – ол спорт саласындағы медицина қызметкерлерінің, оның ішінде профессионалды деңгейі жоғары мамандардың жетіспеушілігі. Атап айтсақ, Ұлттық құрама командалардың өзіне 26 дәрігер жетіспейді, ал бұдан бөлек спорт мектептері мен секциялары, медициналық профилактика орталықтары, дәрігерлік дене шынықтыру диспансерлері де спорттық медицина саласындағы мамандарға аса зәру.

Маман тапшылығы бола тұра, 2018 жылы Дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті органдарының «Спорттық медицина» мамандығы бойынша грантпен оқуға берген тапсырысы бар жоғы 25 адамды құрап отыр. Осы мәселеге аса назар аудару қажет. Бұл оқу екі жылдық резидентура бағдарламасымен жүзеге асырылады.

Жоғарыда айтылғандарды ескере келе, Мәдениет және спорт министрлігіне Денсаулық сақтау министрлігімен бірлесе отырып:

«спорттық медицина» мамандығы бойынша резидентурада мамандар даярлау жөніндегі мемлекеттік тапсырысты ұлғайтуды;

медициналық ұйымдар мен оқу орталықтарын тиісті құрал-жабдықпен қамтамасыз ету жөнінде іс-шаралар қабылдауды; білім беру бағдарламаларында Ұлттық допингке қарсы орталықтың әдістемесін, зертханаларын қолдап жақсартуды, сапасын көтеруді қою керек.

Тұтастай алғанда, мен заң жобасын қолдаймын және әріптестерімді де қолдауға шақырамын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Смағұл Бақытбек Смағұлұлына беріледі.

СМАҒҰЛ Б. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті әріптестер! Допинг қолдану спорт әлеміндегі ең өзекті проблемалардың бірі. Өкінішке орай, қазақстандық Ұлттық федерациялар мен спортшылар допингтік дау-дамайдың ортасында қалды. Тыйым салынған препараттарды қолдану спорттың негізгі идеологиялық негіздерін бұзады. Елдің имиджіне елеулі әсер етеді және спортшылардың денсаулығына қауіп төндіретіні белгілі.

Допинг проблемасының қаржылық қыры тағы бар. Бұл орайда, ел бюджеті үлкен шығынға ұшырап отыр. Республикалық бюджетті қабылдау кезінде жоғары жетістіктер спортты дамытуға қомақты қаражат бөлінеді. Тек 2018 жылдың өзінде 0,36 жоғары жетістіктер спортты дамыту бағдарламасы бойынша шамамен 327 миллион теңге бөлінді. Көптеген спортшылар өздеріне айыппұл мен жарыстан шеттету шараларды қолданғаннан кейін жоғарғы нәтижелер көрсете алмады және халықаралық жарыстарда өнер көрсетуін тоқтатты. Сонымен қатар, біліктілігі жоғары спортшы дайындау үшін көп шығын және үлкен уақыт талап етіледі. Мысалы, Қазақстандық ауыр атлетика федерациясы допингке қарсы күрес бойынша міндетті жарна ретінде Халықаралық ауыр атлетика федерациясына 50 мың АҚШ долларын төлеген болатын. Қазақстандық ауыр атлетика федерациясына допингке қарсы қағидаларды жүйелі түрде бұзғаны үшін айыппұл 150 мың АҚШ доллары салынғаны тағы да белгілі.

Қазақстандық ауыр атлеттер жарыстан шеттеуі кезеңіндегі 2017 жылғы ересектер арасындағы Әлем чемпионатына, 2018 жылғы Азия ойындарына және 2018 жылғы жасөспірімдер арасында Олимпиада ойындарына қатысқан жоқ. Бұл мемлекет тарапынан ақталмайтын шығыстарға әкелді. Осыған байланысты заң жобасында көзделген допингті қолданғаны үшін жауапкершілікті арттыру жөніндегі шараларды қолдаймын.

Елде допингке қарсы іс-шаралар кешенді, тұрақты түрде және нәтижелі жүзеге асырылуы тиіс. Осыған байланысты спортшылар, жаттықтырушылар және дәрігерлер арасында ақпараттық жұмысты жандандыру, спортшылардың жүйелі негізде допинг бақылаудан өту жиілігін арттыру жылына үш-төрт рет, ірі халықаралық старттар алдында мақсатты допинг бақылауды міндетті түрде жүргізу және спорттық

тамактануға бақылау жүргізу кажет деп есептеймін. Бұл мәселе Ұлттық допингке қарсы орталықтың қызметінде маңызды үлкен рөл атқаратыны белгілі.

Құрметті әріптестер, дене шынықтыру және спорт саласындағы заңнаманы жетілдіру бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстың маңыздылығын ескере отырып осы заң жобасын қолдауды ұсынамын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Балиева Зағипа Яхьяқызына беріледі.

БАЛИЕВА З.Я. Большое спасибо, Нурлан Зайруллаевич.

За эти годы, дорогие коллеги, мы становимся свидетелями последовательного становления казахстанского спорта. Если раньше мы говорили о спорте высших достижений, потом стали говорить о паралимпийцах, потом стали говорить о сурдлимпийцах. И сейчас они занимают достойные места, и это очень радует, за что я благодарна нашему министерству, потому что на этот раз, когда сурдлимпийцы получили такие же вознаграждения и такую же поддержку от государства как спорт высших достижений, и паралимпийцы – это такое знаковое событие.

Сегодня я хотела бы остановиться (в рабочей группе сейчас у нас идет очень активное обсуждение) на таких вопросах, как детский спорт. По всему миру получает поддержку Федерация школьного спорта, и мы прекрасно понимаем, что здоровье наших детей во многом зависит еще и от занятия спортом.

Я думаю, что в данном законопроекте школьный спорт, Федерация школьного спорта тоже займет достойное место.

Буквально на днях мы были свидетелями, когда Глава государства посетил Абу-Даби – Специальные Олимпийские игры. У нас есть такое движение, и мы должны теперь его более расширять. Специальные Олимпийские игры тоже должны занять достойное место в законодательстве, потому что на сегодняшний день в нашем государстве более 80 тысяч детей-инвалидов, а занимаются спортом в большей или меньшей мере всего 15 тысяч.

Я хотела остановиться еще и на порядке формирования федерации.

Мы должны навести порядок в формировании федерации. По одному виду спорта не должно быть несколько федераций. Потом идет между ними спор, в это вовлечены все спортсмены. Это неправильно. Это должно быть так, что мы в этом законопроекте должны предусмотреть единый порядок формирования федерации и надлежащую государственную поддержку.

Да, я поддерживаю наших коллег, которые выступают за порядок проведения тренировок и подготовки использования спортивных сооружений. Должна быть справедливость и должен быть в этом порядок.

Вопросы подготовки спортивных реабилитологов, тренеров, врачей, массажистов, психологов и определение их статуса также мы должны решить в этом законе.

Вы абсолютно правы, Нурлан Зайруллаевич, мы сейчас параллельно в другой рабочей группе рассматриваем Административный кодекс и должна быть соразмерность наказаний и соразмерность взимания административных штрафов. Это тоже совместно две рабочие группы – одна по административному законодательству и одна именно по этому закону. Мы должны будем провести одно совместное заседание рабочих групп, на котором все-таки определить достойный, правильный размер по административному наказанию за такие нарушения.

ТӨРАҒА. Соғласен.

БАЛИЕВА З.Я. Успехов нам всем. Я поддерживаю в первом чтении.

Дорогие коллеги, давайте обратим внимание на школьный спорт, на детский спорт, на спорт, который охватывает детей-инвалидов.

Большое спасибо.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Басқа талқылауға жазылған депутаттар жоқ. Сонымен, құрметті әріптестер, талқылау барысында бір ғана ұсыныс түсті – заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдау жөнінде. Қарсылықтарыңыз жоқ қой?

ОРНЫНАН. Жоқ.

Қарсылықтарыңыз жоқ болса, онда осы ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Шешім қабылданды.

Қаулының жобасы сіздерде бар, сол бойынша да жауап берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. "Қатысып отырғандар" – 102, "жақтағандар" – 102. Шешім қабылданды.



*Әуес: Құжаттамашен қамтамасыз ету бөлімінің сектор меңгерушісі*  
*Н. Минова*